

әТәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Мамыр айы 2024 жыл 1 апта

Білім беру ұйымы: №15 «Әлия» бөбекжайы

Топ: №5 «Айгөлек» ересек тобы

Балалардың жасы: 5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: 06.05-10.05. 2024 жыл

Күн тәртібі	Дүйсенбі 06.05.2024	Сейсенбі 07.05.2024	Сәрсенбі 08.05.2024	Бейсенбі 09.05.2024	Жұма 10.05.2024
Балаларды қабылдау	Достық эстафетасы арқылы қарсы алу				Сиқырлы сөздермен қарсы алу (көйлегің қандай әдемі т.б)
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата –аналармен әңгіме: «Дұрыс тамақтануға баулу»				Ата-аналармен әңгіме: Ата- аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.
Балалардың дербес әрекеті(баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)	Дидактикалық ойын: «Сиқырлы сандық». Танымдық дағдылар				Қимылды ойын: «түрлі-түсті машиналар». физикалық қасиеттерді дамыту
Таңертенгі жаттығу	Мамыр 1-2 апта				
	Кіріспе бөлімі: Бірінің артынан бірі сапқа тұру. Денені тік ұстау. Шеңбер бойымен еркін жүру. Шеңбер бойымен денені тік ұстап жеңіл жүгіру. Қол белде, аяқтың сыртымен жүру. Қол жанда, аяқтың ішімен жүру. «Арқан бойлап жүруші» - еңкейтілген тақтайшамен жоғары, төмен жүру .				

	Шеңбер бойымен тұру. / шеңберге тұрарда себеттен екі жалауша алу/ Қолдарын созып, арақашықтықты сақтау. Негізгі бөлім: Б.қ.: «Жылынның қимылы» Аяқтары иық мөлшерінде. Денені тік ұстау. Лента төменде. Басты оңға бұрып, некті иыққа түсіру және иекпен доға жасап басты ақырын көтеру және төмен түсіріп - көтеру. Әр қимылда «т-с-с-с-с» деп айту. Сол жақ иыққа да осылай жасалады. /6-рет қайталау./ Б. қ.: «Суда жүзу» Аяқтары алшақ қойылған, жалаушалар жанға созу. Иықты қозғап, суда жүзу қимылын жасау. / 6 рет қайталау/ Б.қ.: «Айқастыр» Аяқты алшақ қоямыз. Жалаушалар төменде. Оң қолдағы жалаушаны сол иыққа апару, сол қолдағы жалаушаны оң иыққа апару. «айқасты» деп айту. /6 рет қайталау/ Б.қ.: «Құламағайлар» Аяқты алшақ қоямыз. Жалаушалар белде. Алдыға қарай еңкею, артқа шалқаю. /6 рет қайталау Б.қ.: «Серіппе» Аяқтарын алшақ қою, жалауша төменде. Орнында тұрып «серіппе» секілді секіру. /15-20 секунд/ Тыныс алу жаттығулары: «Отын» - аяқтың ұшымен иық деңгейінде қойып, саусақтарын іліндіріп қолын желкеге ұстау қажет; аяғын түсіріп, қолдарын аяқ арасына жіберіп, алға қарай еңкейеді, демін тез ішке тартып кері шығарады, яғни балалар ағаш шауып жатқан тәрізді болады. мұрынмен дем алып, ауыздан демді шығару. Бастапқы қалыпқа келу. Қорытынды: Бір саппен шеңбер бойы жүру. /жалаушаларды себетке салу/ «Қоян» - аяқтың ұшымен жүгіруді секірумен ауыстыру .				
Таңғы ас	Тамақ ішу мәдениетін, үстелде отыру, тамақтану, асхана құралдарын дұрыс ұстау мәдениетін қалыптастыру және сақтау. Балалардың назарын тағамға аудару, тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге, нанның қиқымын жерге тастамауға үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Етістіктерді бұйрық райымен қолдана білуге үйрету(отыр, жүр, жүгір).				Балаларды әңгіме айтуға үйрету: бейтаныс заттар, құбылыстар туралы ақпаратты талқылауға баулу. Ұсынылған сюжеттер бойынша қойылымдарды сахналауға үйрету.

Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Дене шынықтыру Жалпы дамытушы жаттығулар. Негізгі қимылдар: арқанның бойымен тепе- теңдікті сақтап жүру; бір-бірінің жанына сапқа тұру. 2–3 метр қашықтыққа алға ұмтылып қос аяқпен секіру; заттардың арасымен кұрсауларды бір-біріне домалату; Қимылды ойын: Тегіс жолмен				Дене шынықтыру Жалпы дамытушы жаттығулар. Негізгі қимылдар: аяқтың сыртқы қырымен жүру; заттардың арасымен кұрсауларды бір-біріне домалату; арқанның бойымен тепе- теңдікті сақтап жүру; бір-бірінің жанына сапқа тұру. Қимылды ойын: Кішкене маймылдар.
	-Ал балалар көктемнің қай айы? Мамыр айының 7 жұлдызы күні отан қорғаушылар күні деп жарялады. Тәуелсіз Қазақстанның әскері жаңарып. Қарулы күштер жаңарып жатты. Дәстүр бойынша осы мереке күні президентіміз әскери				Жеңіс күні құтты болсын, Құтты болсын аталар. Ұмытпайды ешқашанда Жауынгерді балалар. Көркем әдебиет -Балалар жер шары балаларының тілегі не? Дұрыс айтасыңдар, балалар барлық жер шарындағы балалардың тілегі осындай екен, ендеше балалардың тілегіне «Отан» өлеңін айтайық. –

	қызметте көзге түскен немесе ерлік жасаған Қазақстан қарулы күштер қызметтерін марапаттайды. Себебі Отан қорғаушылар күні-түні еліміздің тыныштығы үшін қызмет етеді. Олар еліміздің тыныш, бейбітшілік өмір сүруіне мол үлестерін қосуда Қоршаған ортамен танысу Отан сенің ата-анаң Отан сенің бауырың Отан өлкен астанан Отан аудан, ауылым. Демекші, біз сүйіміз оны қадірлеп қастерлеуіміз керек, балалар. Көркем әдебиет				-Бейбітшілік болсын! -Соғыс болмасын! -Достық болсын! Балалар өлең жолдарын айтады. Балаларды әңгіме айтуға үйрету: затты, суретті өз бетінше қарап, сипаттауға, түрлі балалар әрекеттерінде бейнелеген суреттері, бұйымдары бойынша әңгімелер құрастыруға, шығармалардың, ертегілердің қызықты үзінділерін қайталап айтуға, бейтаныс заттар, құбылыстар, оқиғалар туралы ақпаратты талқылауға баулу Сөйлеуді дамыту Отан қорғаушылар жайлы видеоролик қосу Қоршаған ортамен танысу.
Серуенге дайындық	Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.				
Серуен	Бақбақ гүлін бақылау Мақсаты: бақбақ гүлі туралы білімдерін тиянақтау (гүлдеудің				Жәндіктерді бақылау Мақсаты: «Жәндіктер» сөзінің мағынасы туралы

	алғашқы кезеңіне көңіл аудару); — табиғатты қорғау және сақтауға деген ынталары мен іскерліктерін қалыптастыру; — емдік өсімдіктер туралы білімдерін тиянақтау. Бақылау барысы Көркем сөз. Аппак, аппак бақбақтар, Үлбіреген бақбақтар, Құдды киіз ақ үйлер. Парашюттен аумайды. Төнеді кеп жан-жақтан, Сәл-пәл самал жел соқса, Тамашалап сәбилер. Ақ ұлпалар заулайды. Кәдімгі бақбақ көктемнің тұңғышы. Халық оны «Жер күні», «денсаулық эликсирі» деп атайды. Бақбақ көп жылдық шөптес өсімдік. Олар көбінесе үлкен жүргінші жол бойында, егістікте, шабындықта, жаңа тыңая				түсініктерін тиянақтау; — Оларды тіршілік ету ерекшеліктеріне қарай салыстыра білуге үйрету. Бақылау барысы Тәрбиеші жұмбақтар жасырады: - Гүлдің нәрін жинайды, Адамға бал сыйлайды. Еңбекқорды аялайды, Еріншекті аямайды. Бұл не? (ара) - Қанды сорып сүліктей, Ызындап кеп шағады. Бұл қандай бүлік дой? (маса) - Ызындап ән салып, Жұп-жұқа қанаты. Тәттіге тамсанып, Қоқысқа қонады. Бұл не? (шыбын) - Құжынаған жұмыскер, Бірлескенде тым іскер. (құмырсқа) - Тор тоқуға шебер-ақ, Бірақ киім тікпейді. Өнері де өнер-ақ, Бірақ ісі бітпейді. (өрмекші)
--	---	--	--	--	---

	бастаған жерлерде өседі. Бақбақтың гүлді сабақтары жапырақсыз, ең ұшында бір ірі гүл табақшасы болады. Бақбақ басын күн қызуына қарай бұрады. Күн батқан кезде гүл жапырақтары жабылып қалады, ал, таңертең күн сәулесімен бірге ашылады. Бақбақ-тың гүл оралғысы екі қабат. Сәуір айынан қыр-күйек айына дейін гүлдейді. Гүл жарып болған кезде гүлдері ұлпа ұлпілдек «парашюттерге» айналады. Бақбақтың барлық бөлігі, әсіресе сабағы сүт сымаққа бай. Бақбақ дәрілік өсімдік. Дәрі жасау үшін бақбақтың тамырын, гүлін, жапырағын пайдаланады. Бақбақтан жасалған дәрілер тәбетті ашуға, ас қорытуға, қан қысымын түсіруге, қатты ісіктерді басуға, ыстықты түсіруге тағы басқа көптеген ауруларды				Тәрбиеші сұрақтары. ◆ Жұмбақ жауаптарының шешуінде айтылғандарды бір сөзбен нелер деп атаймыз? (жәндіктер) ◆ Тағы қандай жәндіктерді білесіңдер? (көбелек, құрт т.б.) ◆ Қандай жәндік гүлдерді тозандандырады? (аралар) ◆ Көктемде жәндіктер өмірінде қандай өзгерістер болады? (көктемде жұмыртқалардан личинкалар өсіп шығады) ◆ Жәндіктер қайда тіршілік етеді? (бақтарда, ағаштарда, су тоғандарда т.б.) ◆ Қандай жәндіктердің пайдасы бар? (ара, жібек құрты, құмырска). ◆ Қандай пайдалы жәндік орман, тоғайларды зиянды жәндіктерден қорғайды? (құмырска) ◆ Масаларды неге
--	--	--	--	--	---


	емдеуге пайдаланады. Бакбакты ең қажет дәрілік өсімдік ретінде сақтап, қорғау керек. Балаларға сұрақтар. ♦ Бакбак гүлінің түрі қандай?? ♦ Ол жылдың қай мезгілінде әдемі болып көрінеді? ♦ Бакбактың қандай лақап аттары бар? ♦ Бакбакты неге дәрілік өсімдік дейміз? Зерттеу жұмыс: Бакбактың сабағын кесіп, сүт сияқты сұйықты қарау. Еңбек. Гүл егілген алаң айналасын тазалау. Мақсаты: Үлкендерге көмек беруге, үлкендер еңбегін бағалауға тәрбиелеу. Қимылды ойын «Өз гүлінді тап». Мақсаты: — түстерді айыра білуге, белгі бойынша әрекет етуге үйрету. Жаттығу ойыны. Қимылдарын дамыту				зиянды жәндік деп атайды? (олар әртүрлі ауруларды тасиды) ♦ Зерттеу жұмысы Қанқызын тауып, оның атын атау. Құмырскалар «соқпағын» табу, бақылау. Еңбек: Алаңды коқыстардан тазалау. Мақсаты: үлкендерге көмек беруге, үлкендер еңбегін қадірлеуге тәрбиелеу. Қимылды ойын «Аюлар мен аралар». Мақсаты: кеңістікте жүкіру, ұстап алуға, ұстатпауға тырысу. Ептілікке, жылдамдыққа баулу. Жаттығу ойыны: Қимылдарын дамыту. Мақсаты: жүкіру техникаларын жақсарту. Халық болжамы: күзде құмырсқа илеуі биік болса, қыс ұзақ әрі қатты болады.
--	---	--	--	--	--

	Мақсаты:- Қимыл белсенділіктерін арттыру; - Ұзындыққа секіруге жаттықтыру.				
Серуеннен оралу	Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.				
Түскі ас	Балалардың назарын тағамға аудару, тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге, нанның қиқымын жерге тастамауға үйрету. Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою, соңынан жинау)Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)				
Күндізгі ұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тындау. (Музыка)				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату. Ригалық әдіс бойынша сауықтыру. (дене жаттығулар мен белсенділігі) Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Қ (мәдени-гигиеналық дағдылар). л				
Бесін ас	Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)				

	Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемей. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету				
Балалардың дербес әрекеті(баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)	Әрқашан күн сөнбесін тақырыбында көрме ұйымдастыру.Аата-аналрмен бірге, Шығармашылық дағдылар Уақытты бағдарлау.Таңертең, күндіз, кеш, түн тәулік бөліктерін ажырату және атай білу дағдыларын қалыптастыру Математика негіздері Суретке қарап әңгіме құрату. Сөйлеуді дамыту				Балаларды жарты шеңбер етіп отырғызу. Суреттердің бір бөлігін көрсетіп, оның не зат екенін таптырту. Ол затты тапқан бала ол туралы ән тапқақ немесе ойдан ертегі құрап немесе ол қалай пайда болды айтып беруі керек (көркем әдебиет) Сергіту сәті Балаларды екі орталыққа бөлу. Бір орталықта өдері таңдаған заттың суретін салса (сурет салу) Екінші орталықта геометриялық денелерді(куб, шар, цилиндр) танып, атап тапқан затпен сәкестендіргізу. «Кім тапқыр» ойынын ойнату. Ойын бойынша топтағы заттардан осы денелерге ұқсасын тапқызып жинату. (математика негіздері)

Балалармен жеке жұмыс	Нұрасылға сыпайы түрде өз өтінішін білдіреді, көрсеткен қызметі үшін алғыс айтуды баулу.				Д.Айшаға бірнеше затты өсу және кему ретімен орналастырып, салыстыруды баулу.
Серуенге дайындық	Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Табиғи материалдар туралы не білетіндерін сұрау. Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)				
Серуен	Қ/о «Кім жылдам?» ойыны Еркін қимылды ойындар				Ұқсас заттарды жинап қораптарға орналастыру (Математика негіздері) Қ/о «Тырналар»
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау (көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).				
Кешкі ас	Тамақ ішу мәдениетін, үстелде отыру, тамақтану, асхана құралдарын дұрыс ұстау мәдениетін қалыптастыру және сақтау. Балалардың назарын тағамға аудару, тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге, нанның қиқымын жерге тастамауға үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)				
Балалардың дербес әрекеті	Балаларды қазақ халқының қонақжайлылық				Балаларды ұлттық бұрышқа алып бару. Заттардың арасынан ай жұлдыздың бейнелерін көрсету. Ұлттық тұрмыстық заттардың

	дәстүрімен таныстыру, Қазақстанда қаншама ұлт өкілдері тұратынын айту. (математика негіздері) Алдыңғы жасаған жұмыстарын көрсетіп, жұлдыздардың қасына не жетпейтін сұрап, айдың суретін салғызу және жапсырту. (жапсыру және сурет салу)				атауларын білдіретін және мағынасы қарама- қарсы антоним сөздерін қолданумен байыту. (сөйлеуді дамыту) Ай мен жұлдызды қазақтың ұлттық әшекей заттарына салу арқылы сәндеуді менгерту (сурет салу)
Балалардың үйге қайтуы	Дұрыс тамақтану ережелері.				Ата-аналармен балаларының тазалықтары жайлы әңгімелесу.

“Тексерілді”
№15 “Әлия” бөбекжайы
МКҚК - ның әдіскері:
У.Г. Нурмухамметова. 
“03” 05 2024жыл